ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 26 маусым Іс №1513-23-00-2/858 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы Б.И.Калиеваның қатысуымен,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер («Ерхан») Несибели Кемалова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор З.А.Тулебаева
талап қоюшының өкілдері Ж.А.Абитов, Н.А.Сағынов
жауапкердің өкілі Т.І.Өтепбергенов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 3 ақпанда «Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер («Ерхан») Несибели Кемалованың (өнім беруші) арасында бағалы ұсыныныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде мемлекеттік сатып алу туралы №9 шарты жасалған.

Шарттың №1-қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, Өнім беруші жалпы сомасы 4 100 000 теңгеге зиянсыз қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару (жинау) қызметтерін жыл ішінде 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асыруға міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2023 жылғы 20 ақпанда енгізілген.

Тараптар арасында 2023 жылғы 28 ақпанда 372 000 теңгеге және 2023 жылғы 27 наурызда 372 000 теңгеге орындалған жұмыстар актісі бекітілген.

Талап қоюшының жауапкерге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жолданған хабарламасына сәйкес, 2023 жылғы 3-7 сәуір күндері шарттық міндеттемелер жауапкермен жүзеге асырылмаған.

Талап қоюшы 2023 жылғы 10 сәуірде жауапкерге ескерту хатын жолдап, шарттық міндеттерін орындамаған жағдайда шарт талаптарына сәйкес тиісті шаралар қолданылатынын хабарлаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер («Ерхан») Несибели Кемалованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 33 560 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді және шартты бұзуды талап еткен.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 26 маусымдағы ұйғарымымен талап қою шартты бұзу бөлігінде қараусыз қалдырылды.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, сәуір айы бойы жауапкер тарапынан қызмет жүзеге асырылмағанын айтты. Талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі қызметтердің көрсетілгенін, егер рұқсат берсе әрі қарай жалғастыратынын айтты. Талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру жөнінде қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 30.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 01.08.2023, судья Жусупов А. М., 02.08.2023
1513-23-3-1/933

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Жауапкер қызметті 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асыру қажет болған.

Шарттық міндеттемелер 744 000 теңгеге орындалған.

Жауапкер тарапынан 2023 жылғы 3 сәуір күнінен бастап қызмет көрсетілмеген.

Талап қоюшы тарапынан 2023 жылғы 10 сәуірде ескерту хаты жолданғанымен, осы уақытқа дейін шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған, талап қоюмен сотқа 2023 жылғы 27 сәуірде жүгінген.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырысберуші Мердігер міндеттемелерін толық

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 30.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 01.08.2023, судья Жусупов А. М., 02.08.2023
1513-23-3-1/933

орындамаған жағдайдаМердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың,өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша орындалмаған жұмыстардың құны 3 356 000*0,1%*10 күн=33 560 теңгені құрайды.

Сот, талап қоюшының есебін қабылдайды және жауапкерден мемлекет пайдасына 33 560 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден 1 007 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Несибели Кемалова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Несибели Кемаловадан мемлекет пайдасына 33 560 (отыз үш мың бес жүз алпыс) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Несибели Кемаловадан жергілікті бюджет пайдасына 1 007 (бір мың жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 30.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2023, судья Жусупов А. М., 02.08.2023

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 30.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2023, судья Жусупов А. М., 02.08.2023

1513-23-3-1/933